**Азаматтық және қызметтік қару және оның патрондарының айналымы және азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды лицензиялау саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 наурыздағы № 190 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 12 қазандағы № 821 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 12.10.2015 № 821 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 24 сәуірдегі № 395 бұйрығын қараңыз.

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 6-бабының 3) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған:

1) «Жеке және заңды тұлғалардың азаматтық, қызметтік қаруының әрбір бірлігін тіркеу және қайта тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

2) «Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын әзірлеу, өндіру, жөндеу, сату, коллекцияға жинау, экспонаттау және сатып алу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

3) «Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, өндіру, сату, пайдалану және сатып алу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты бекітілсін.

2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі С. Ахметов*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 наурыздағы № 190 қаулысымен бекітілген

**«Жеке және заңды тұлғалардың азаматтық, қызметтік қаруының әрбір бірлігін тіркеу және қайта тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

## 1. Жалпы ережелер

1. «Жеке және заңды тұлғалардың азаматтық, қызметтік қаруының әрбір бірлігін тіркеу және қайта тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – көрсетілетін мемлекеттік қызмет).

2. Осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Министрліктің, облыстардың, Астана, Алматы қалаларының және көліктегі ішкі істер департаменттерінің, қалалық және аудандық ішкі істер органдарының лицензиялық және рұқсат беру жүйесінің бөлімшелері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші), оның ішінде « электрондық үкіметтің» www.egov.kz веб-порталы, «Е-лицензиялау» веб-порталы www.elicense.kz (бұдан әрі – портал) арқылы көрсетеді.

## 2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған, сондай-ақ порталға жүгінген сәттен бастап:

жеке тұлғалар үшін – 7 (жеті) жұмыс күні;

заңды тұлғалар үшін – 15 (он бес) жұмыс күні;

2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты – 40 (қырық) минут;

көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты – 40 (қырық) минут.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны – қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі – қағаз жеткізгіште жеке тұлғаға

қаруды сақтауға немесе сақтауға және алып жүруге берілген рұқсат және заңды тұлғаға қаруды сақтауға берілген рұқсат.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген жағдайда мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі қағаз жеткізгіште ресімделеді және көрсетілетін қызметті беруші басшысының мөрімен және қолымен куәландырылады, бұл ретте көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамы электрондық цифрлық қолтаңбамен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған көрсетілген қызметтің нәтижесін порталда тіркейді.

Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы жүгінген кезде рұқсат беру құжатының әзірлігі туралы хабарлама көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

7. Мемлекеттік қызмет ақылы негізде көрсетіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсетілгені үшін «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 540-бабына сәйкес мемлекеттік баж алынады:

1) жеке және заңды тұлғалардың азаматтық, қызметтік қаруының әрбір бірлігін тіркеу және қайта тіркеу үшін мемлекеттік баж төлеу күніне белгіленген айлық есептік көрсеткіштің он пайызын;

2) заңды тұлғаларға азаматтық және/немесе қызметтік қару мен оның патрондарын сақтау немесе сақтау және алып жүру құқығына рұқсат беру үшін мемлекеттік баж төлеу күніне белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жүз пайызын;

3) жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарын сақтау немесе сақтау және алып жүру құқығына рұқсат беру үшін мемлекеттік баж төлеу күніне белгіленген айлық есептік көрсеткіштің елу пайызын құрайды.

Мемлекеттік баж Қазақстан Республикасының банк мекемелері арқылы төленеді, олар төлемнің көлемі мен күнін растайтын құжат (түбіртек) береді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы алу үшін электрондық сұрау салу берілген жағдайда төлем «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) арқылы немесе екінші деңгейлі банктер арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 13.00-ден бастап 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден бастап 18.30-ге дейін. Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезек тәртібімен көрсетіледі;

2) порталда – тәулік бойы (жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда).

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не сенімхат бойынша оның өкілі) жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті берушіге:

азаматтық қаруды тіркеу (оны сақтау немесе сақтау және алып жүру рұқсатын алу) үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

сыртқы жағында: қарудың маркасы, моделі, сериясы, нөмірі, калибрі және шығарылған жылы көрсетілген қару саудасымен айналысатын мамандандырылған дүкеннің белгісі бар, сондай-ақ жауапты қызметкердің мөрімен және қолымен куәландырылған қаруды сатып алу рұқсатының түпнұсқасы;

өлшемі 3х4 см екі фотосурет;

қарудың әрбір бірлігін тіркеу (қайта тіркеу) үшін мемлекеттік баждың төленгені туралы түбіртектер;

азаматтық қару мен оның патрондарын сақтау немесе сақтау және алып жүру құқығына рұқсат беру үшін мемлекеттік баждың төлегені туралы түбіртек;

қаруды дүкеннен алғаш рет сатып алу кезінде және одан кейінгі әрбір 5 жылда ішкі істер органдарында (бұдан әрі – ІІО) қайта тіркеу кезінде аңшылық ойық қарудың оқтары мен гильзаларын бақылау ату туралы акті;

қару иеленуге денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген қарсы айғақтардың жоқ екені туралы медициналық қорытынды ұсынады.

2) порталда:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанында сұрау салу;

қарудың әрбір бірлігін тіркеу (қайта тіркеу) үшін ЭҮТШ арқылы мемлекеттік баждың төлегені туралы ақпарат, екінші деңгейлі банктер арқылы төленген жағдайда қағаз жеткізгіштегі түбіртек сұрау салуға құжаттың электрондық көшірмесі түрінде тігіледі;

азаматтық қару мен оның патрондарын сақтауға немесе сақтауға және алып жүруге рұқсат беру үшін ЭҮТШ арқылы мемлекеттік баждың төленгені туралы ақпарат, екінші деңгейлі банктер арқылы төлеген жағдайда қағаз жеткізгіштегі түбіртек сұрау салуға құжаттың электрондық көшірмесі түрінде тігіледі;

қаруды дүкеннен алғаш рет сатып алу кезінде және одан кейінгі әрбір 5 жылда ІІО-да қайта тіркеу кезінде аңшылық ойық қарудың оқтары мен гильзаларын бақылау ату туралы актінің электрондық көшірмесін;

қару иеленуге денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген

қарсы айғақтардың жоқ екені туралы медициналық қорытындының электрондық көшірмесі.

Көрсетілетін қызметті беруші жеке басты, тұрғылықты жерді куәландыратын құжаттардың мәліметтерін тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден уәкілетті адамдардың ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжаттар нысанында портал арқылы алады.

Сыртқы жағында: қарудың маркасы, моделі, сериясы, нөмірі, калибрі және шығарылған жылы көрсетілген қару саудасымен айналысатын мамандандырылған дүкеннің белгісі бар, сондай-ақ жауапты қызметкердің мөрімен және қолымен куәландырылған қаруды сатып алу рұқсатының түпнұсқасы почта арқылы жіберіледі немесе қолма-қол ұсынылады.

Өзін-өзі қорғауға арналған ұзын тегіс ұңғылы атыс қаруы, оның ішінде денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның нормаларына сәйкес келетін жарақат салатын әсері бар патрондары бар қару аңшылық билеті болмай-ақ, оны алып жүру құқығынсыз тіркеледі.

Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың әскери қызметшілеріне, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының арнайы атақтары бар қызметкерлеріне азаматтық қаруды тіркеу (оны сақтауға немесе сақтау мен алып жүруге рұқсат алу) үшін қаруды иеленуге қарсы көрсетпелердің жоқ екені туралы медициналық қорытынды талап етілмейді.

Қазақстан Республикасының аумағында кемінде бір жыл мерзімге тұру үшін ІІО-да белгіленген тәртіппен тіркелген шетелдіктер ұзын тегіс ұңғылы қаруды қоспағанда, өзін-өзі қорғауға арналған азаматтық қаруды өздері азаматтары болып табылатын мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктерінің қолдаухаты бойынша жалпы негіздерде тіркейді (оларды сақтау мен алып жүруге рұқсат алады).

Азаматтық қаруды сатып алуға рұқсат почта арқылы жіберіледі немесе қолма қол беріледі.

1) көрсетілетін қызметті берушіге:

қайта тіркеу (азаматтық қаруды сақтауға немесе сақтау мен алып жүруге рұқсаттың жарамдылық мерзімін ұзарту) үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес белгіленген нысандағы өтінішті;

қарудың әрбір бірлігін қайта тіркеу үшін мемлекеттік баждың төленгені туралы түбіртекті;

қару иеленуге денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген қарсы айғақтардың жоқ екені туралы медициналық қорытынды және Қазақстан Республикасының азаматтығын растайтын құжаттың көшірмесін;

қаруды қауіпсіз ұстау ережелерін білу бойынша қайта даярлау туралы анықтаманы ұсынады.

2) порталда:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу;

қарудың әрбір бірлігін қайта тіркеу (азаматтық қаруды сақтау немесе сақтау мен алып жүру рұқсатының жарамдылық мерзімін ұзарту) үшін ЭҮТШ арқылы мемлекеттік баждың төленгені туралы ақпарат, екінші деңгейлі банктер арқылы төленген жағдайда қағаз жеткізгіштегі түбіртек сұрау салуға құжаттың электрондық көшірмесі түрінде тігіледі;

қару иеленуге денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген қарсы айғақтардың жоқ екені туралы медициналық қорытындының электрондық көшірмесі;

қаруды қауіпсіз ұстау ережелерін білуі бойынша қайта даярлау туралы анықтаманың электрондық көшірмесі.

Көрсетілетін қызметті беруші жеке басты, тұрғылықты жерді куәландыратын құжаттардың мәліметтерін тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден уәкілетті адамдардың ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжаттар нысанында портал арқылы алады.

1) көрсетілетін қызметті берушіге:

көрсетілетін қызметті алушы қызметтік қаруды тіркеу (оны сақтауға рұқсат алу) үшін көрсетілетін қызметті берушіге:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысанындағы өтінішті;

сыртқы жағында: қарудың маркасы, моделі, сериясы, нөмірі, калибрі және шығарылған жылы көрсетілген қару саудасымен айналысатын мамандандырылған дүкеннің белгісі бар, сондай-ақ жауапты қызметкердің мөрімен және қолымен куәландырылған қызметтік және (немесе) азаматтық қаруды сатып алу лицензиясының түпнұсқасын;

қаруды тіркеу үшін мемлекеттік баждың төленгені туралы түбіртекті;

азаматтық және/немесе қызметтік қару мен оның патрондарын сақтау құқығына рұқсат беру үшін мемлекеттік баж төленгені туралы түбіртекті;

қаруды сақтауға арналған үй-жайдың жарамдылық актісін, үй-жай жалға алынған жағдайда жалға алу шартының көшірмесін;

қару мен оның патрондарын сақтауға жауапты адамды тағайындау туралы ұйымның басшысы бұйрығының көшірмесін;

қаруды және оның патрондарын сақтауға жауапты адамға қаруды иеленуге денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген қарсы айғақтардың жоқ екені туралы медициналық қорытындыны;

қару мен оның патрондарын сақтауға жауапты адамға қаруды қауіпсіз ұстау ережелерін білу бойынша анықтаманың көшірмесін ұсынады.
2) порталда:
көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу;
қарудың әрбір бірлігін тіркеу (қайта тіркеу) үшін ЭҮТШ арқылы мемлекеттік баждың төленгені туралы ақпарат, екінші деңгейлі банктер арқылы төленген жағдайда қағаз жеткізгіштегі түбіртек сұрау салуға құжаттың электрондық көшірмесі түрінде тігіледі;
азаматтық және (немесе) қызметтік қару мен оның патрондарын сақтау құқығына рұқсат беру үшін ЭҮТШ арқылы мемлекеттік баждың төлегені туралы ақпарат, екінші деңгейлі банктер арқылы төленген жағдайда қағаз жеткізгіштегі түбіртек сұрау салуға құжаттың электрондық көшірмесі түрінде тігіледі;
қаруды сақтауға арналған үй-жайдың жарамдылық актісінің электрондық көшірмесі, үй-жай жалға алынған жағдайда қосымша жалға алу шартының электрондық көшірмесі;
қару мен оның патрондарын сақтауға жауапты адамды тағайындау туралы ұйымның басшысы бұйрығының электрондық көшірмесі;
қару мен оның патрондарын сақтауға жауапты адамның қаруды иеленуге денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген қарсы айғақтардың жоқ екені туралы медициналық қорытындының электрондық көшірмесі;
қару мен оның патрондарын сақтауға жауапты адамға қаруды қауіпсіз ұстау ережелерін білу бойынша анықтаманың электрондық көшірмесі.
Көрсетілетін қызметті беруші жеке басты, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәландыратын құжаттардың мәліметтерін тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден уәкілетті адамдардың ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанында мемлекеттік қызмет көрсету мониторингі ақпараттық жүйесінің порталы арқылы алады.
Сыртқы жағында: қарудың маркасы, моделі, сериясы, нөмірі, калибрі және шығарылған жылы көрсетілген қару саудасымен айналысатын мамандандырылған дүкеннің белгісі бар, сондай-ақ жауапты қызметкердің мөрімен және қолымен куәландырылған қызметтік және (немесе) азаматтық қаруды сатып алу лицензиясының түпнұсқасы почта арқылы жіберіледі немесе қолма-қол ұсынылады.
1) көрсетілетін қызметті берушіге:
көрсетілетін қызметті алушы қызметтік қаруды қайта тіркеу (оны сақтау рұқсатының жарамдылық мерзімін ұзарту) үшін көрсетілетін қызметті берушіге:
осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысанындағы өтінішті;

қызметтік қарудың әрбір бірлігін қайта тіркеу үшін мемлекеттік баждың төленгені туралы түбіртекті;

қаруды сақтауға арналған үй-жайдың жарамдылық актісін, үй-жай жалға алынған жағдайда жалға алу шартының көшірмесін ұсынады.

2) порталда:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу;

қарудың әрбір бірлігін қайта тіркеу үшін ЭҮТШ арқылы мемлекеттік баж төленгені туралы ақпарат, екінші деңгейлі банктер арқылы төленген жағдайда қағаз жеткізгіштегі түбіртек сұрау салуға құжаттың электрондық көшірмесі түрінде тігіледі;

қаруды сақтауға арналған үй-жайдың жарамдылық актісінің электрондық көшірмесі, үй-жай жалға алынған жағдайда қосымша жалға алу шартының электрондық көшірмесі.

Көрсетілетін қызметті беруші жеке басты, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәландыратын құжаттардың мәліметтерін тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден уәкілетті адамның ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанында портал арқылы алады;

1) көрсетілетін қызметті берушіге:

көрсетілетін қызметті алушы қызметтік және азаматтық қаруды тіркеу (заңды тұлға қызметкерлеріне оларды сақтауға және алып жүруге рұқсат алуы) үшін көрсетілетін қызметті берушіге:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысанындағы өтінішті;

атын, әкесінің атын көрсете отырып, қаруды тіркеуге үміткер адамдардың тізімін ұсынады.

Қаруды тіркеуге үміткер көрсетілетін қызметті алушыларға (заңды тұлға) қатысты:

көрсетілетін қызметті алушы басшысының лауазымға тағайындау туралы және қызметтік қаруды жеке бекіту туралы бұйрығының көшірмесі;

кадрларды есепке алу жөніндегі жеке парағының (сауалнама) көшірмесі;

қаруды иеленуге денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген қарсы айғақтардың жоқ екені туралы медициналық қорытынды;

өлшемі 3x4 см екі фотосурет;

күзетшілер (күзет қызметі субъектілері үшін) даярлау (кәсіби біліктілігін арттыру) жөніндегі мамандандырылған оқу орталықтары берген, күзетші ретінде жұмыс істеу үшін даярлықтан өткенін растайтын куәлік;

қаруды қауіпсіз ұстау ережесін білуін тексеру туралы (күзет қызметі субъектілерін қоспағанда) анықтама;

қаруды тіркеу үшін мемлекеттік баж төленгені туралы түбіртек;

азаматтық және/немесе қызметтік қару мен оның патрондарын сақтау мен алып жүру құқығына рұқсат беру үшін мемлекеттік баждың төленгені туралы түбіртек қоса беріледі.

2) порталда:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу;

тегін, атын, әкесінің атын көрсете отырып, қаруды тіркеуге үміткер адамдар тізімінің электрондық көшірмесі.

Қаруды тіркеуге үміткер көрсетілетін қызметті алушыға (заңды тұлға) қатысты:

заңды тұлға басшысының лауазымға тағайындау туралы және қызметтік қаруды жеке бекіту туралы бұйрығының электрондық көшірмесі;

кадрларды есепке алу жөніндегі жеке парағының (сауалнама) электрондық көшірмесі;

қаруды иеленуге денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген қарсы айғақтардың жоқ екені туралы медициналық қорытындының электрондық көшірмесі;

өлшемі 3Ч4 см екі фотосурет;

күзетшілер (күзет қызметі субъектілері үшін) даярлау (кәсіби біліктілігін арттыру) жөніндегі мамандандырылған оқу орталықтары берген, күзетші ретінде жұмыс істеу үшін даярлықтан өткенін растайтын куәліктің электрондық көшірмесі;

қаруды қауіпсіз ұстау ережесін білуін тексеру туралы (күзет қызметі субъектілерін қоспағанда) анықтаманың электрондық көшірмесі;

қарудың әрбір бірлігін тіркеу (қайта тіркеу) үшін ЭҮТШ арқылы мемлекеттік баждың төленгені туралы ақпарат, екінші деңгейлі банктер арқылы төленген жағдайда қағаз жеткізгіштегі түбіртек сұрау салуға құжаттың электрондық көшірмесі түрінде тігіледі;

азаматтық және (немесе) қызметтік қару мен оның патрондарын сақтауға, сақтау және алып жүру құқығына рұқсат беру үшін ЭҮТШ арқылы мемлекеттік баждың төлегені туралы ақпарат, екінші деңгейлі банктер арқылы төленген жағдайда қағаз жеткізгіштегі түбіртек сұрау салуға құжаттың электрондық көшірмесі түрінде қоса беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші жеке басты, тұрғылықты жерді куәландыратын құжаттардың мәліметтерін тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден портал арқылы немесе мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесі арқылы уәкілетті адамдардың ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанында алады.

Фотосуреттер почта арқылы жіберіледі немесе қолма-қол ұсынылады;
1) көрсетілетін қызметті берушіге:
қызметтік және азаматтық қаруды қайта тіркеу (заңды тұлғалардың қызметкерлеріне оларды сақтау мен алып жүру рұқсатының жарамдылық мерзімін ұзарту) үшін заңды тұлға көрсетілетін қызметті берушіге:
осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш;
тегін, атын, әкесінің атын көрсете отырып, қаруды қайта тіркеуге үміткер адамдардың тізімін ұсынады.
Қаруды тіркеуге үміткер көрсетілетін қызметті алушыларға (заңды тұлға) қатысты:
қаруды иеленуге денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген қарсы айғақтардың жоқ екені туралы медициналық қорытынды;
күзетшілер (күзет қызметі субъектілері үшін) даярлау (кәсіби біліктілігін арттыру) жөніндегі мамандандырылған оқу орталықтары берген, күзетші ретінде жұмыс істеу үшін даярлықтан өткенін растайтын куәлік;
қаруды қауіпсіз ұстау ережесін білуін тексеру туралы (күзет қызметі субъектілерін қоспағанда) анықтама;
қаруды қайта тіркеу үшін мемлекеттік баждың төленгені туралы түбіртек қоса беріледі;
2) порталда:
көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу;
көрсетілетін қызметті алушылар (тегін, атын, әкесінің атын көрсете отырып, қаруды қайта тіркеуге үміткер адамдар) тізімінің электрондық көшірмесі.
Қаруды қайта тіркеуге үміткер адамдарға қатысты:
қаруды иеленуге денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген қарсы айғақтардың жоқ екені туралы медициналық қорытындының электрондық көшірмесі;
күзетшілер (күзет қызметі субъектілері үшін) даярлау (кәсіби біліктілігін арттыру) жөніндегі мамандандырылған оқу орталықтары берген, күзетші ретінде жұмыс істеу үшін даярлықтан өткенін растайтын куәліктің электрондық көшірмесі;
қаруды қауіпсіз ұстау ережесін білуін тексеру туралы (күзет қызметі субъектілерін қоспағанда) анықтаманың электрондық көшірмесі;
қарудың әрбір бірлігін қайта тіркеу үшін ЭҮТШ арқылы мемлекеттік баждың төленгені туралы ақпарат, екінші деңгейлі банктер арқылы төленген жағдайда қағаз жеткізгіштегі түбіртек сұрау салуға құжаттың электрондық көшірмесі түрінде қоса беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші жеке басты, тұрғылықты жерді, куәландыратын құжаттардың, ЖСН мәліметтерін тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден уәкілетті адамдардың ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанында портал арқылы алады.

10. Мыналар:

1) рұқсаттан ерікті түрде бас тарту не қару иесінің қайтыс болуы;

2) қоғамдық тәртіпке немесе белгіленген басқару тәртібіне қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықты бір жыл ішінде қайта жасау;

3) отбасы-тұрмыстық қатынастар саласындағы ұрып-соғулармен, құқыққа қарсы іс-әрекеттермен байланысты әкімшілік құқық бұзушылықтар жасау және Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 79-1, 79-5 және 355-1-баптарында көзделген қорғау ұйғарымын бұзу;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында рұқсат алу мүмкіндігін болдырмауды көздейтін жағдайлардың туындауы;

5) азаматтық немесе қызметтік қару иелері олардың балистикалық және өзге де техникалық сипаттамаларының өзгеруіне әкеп соғатын көрсетілген қару құрылымын өзгертуі (қаруды қайта тіркеу кезінде);

6) егер көрсетілетін қызметті алушы:

қару иеленуге қарсы айғақтардың жоқ екені туралы медициналық қорытынды ұсынбаса;

қасақана қылмыс жасағаны үшін заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы болса;

тұрақты тұрғылықты жері болмаса;

қаруды сақтауға арналған тиісті жағдайлары (сейф немесе металл шкаф немесе бөгде адамдардың қаруға қолжетімділігін болдырмайтын өзге құрылыс жоқ) болмаса;

ішкі істер органдарына қаруды ұстау қауіпсіздігі ережесін білуін тексеруден өткенін растайтын құжаттар ұсынбаса;

7) азаматтық және қызметтік қарудың азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары айналымының саласындағы техникалық регламенттерге, сондай-ақ криминалистикалық талаптарға сәйкес келмеуі мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер болып табылады.

## 3. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша Министрліктің, көрсетілетін мемлекеттік қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.

Шағым почта арқылы жазбаша нысанда не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде шағымды қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, оны тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің атына түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап почта арқылы көрсетілетін қызметті алушыға жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны бойынша алуға болады.

Шағымды портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті алушыға « жеке кабинетінен» жүгіну туралы ақпарат қолжетімді болады, ол көрсетілетін қызметті беруші жүгінуді өңдеу барысында (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгілер, қарау және қараудан бас тарту туралы жауап) жаңартылып отырады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

## 4. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

13. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің www.mvd.gov.kz интернет-ресурсында, «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімінде орналастырылған.

14. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алу мүмкіндігі бар.

15. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы « жеке кабинеті» арқылы, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар.

16. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары: 8 (7172) 71-43-03, 71-41-36. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының телефоны: 1414.

«Жеке және заңды тұлғалардың азаматтық, қызметтік қаруының әрбір бірлігін тіркеу және қайта тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
1-қосымша

**Жеке тұлғаның азаматтық қаруды сақтауға,
сақтау мен алып жүруге рұқсат алуға (ұзартуға)
өтініші**

____________________________________________________________

(көрсетілетін қызметті берушінің толық атауы)

____________________________________________________________

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), жеке сәйкестендіру нөмірі)
____________________________________________________байланысты
(қаруды тіркеу, қайта тіркеу қажеттігінің себебін көрсету)

____________________________________________________________

(қарудың типін, түрін, моделін, нөмірін және санын көрсету)
қаруды тіркеуді, қайта тіркеуді (азаматтық қаруды сақтауға, сақтау мен алып жүруге рұқсатберуді), (азаматтық қаруды сақтау, сақтау мен алып жүру рұқсатының жарамдылық мерзімін ұзартуды), қажеттісінің астын сызу) сұраймын.
Жеке тұлғаның тұрғылықты мекенжайы, қару сақтау жағдайларының болуы

____________________________________________________________

(почталық индексі, облыс, қала, аудан, елді мекен, көше атауы,

____________________________________________________________

үйдің/ғимараттың нөмірі, қару сақтауға арналған сейфтің болуы)
Электрондық почта ____________________________________________

Телефондары ___________________________________________________________
Факс _________________________________________________________________
_____________________________________________________парақта қоса беріледі.

Осы арқылы: көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатыны және оларға рұқсат беру немесе рұқсат беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатыны; барлық қоса берілген құжаттар шындыққа сай келетіні және жарамды болып табылатыны расталады.

Жеке тұлға __________ ____________________________________
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)

Толтырылған күні 20 жылғы « » _______

«Жеке және заңды тұлғалардың азаматтық, қызметтік қаруының әрбір бірлігін тіркеу және қайта тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымша

**Заңды тұлғаның қызметтік қаруды сақтауға, сақтау мен алып жүруге рұқсат алуға (ұзартуға) өтініші**

_____________________________________________________________________
(көрсетілетін қызметті берушінің толық атауы)

_____________________________________________________________________
(заңды тұлғаның толық атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

_________________________________________________________________байланысты
(рұқсат алу қажеттігінің себебін көрсету)

Сізден________________________________________________________________
(қарудың типін, моделін, нөмірін және санын көрсету)

қызметтік қаруын сақтауға,сақтау мен алып жүруге рұқсат беруіңізді (мерзімін ұзартуыңызды) сұраймын.

Заңды тұлғаның мекенжайы ______________________________________________
(почталық индексі, облыс, қала, аудан,
_____________________________________________________________________
елді мекен, көше атауы, үйдің/ғимараттың (стационарлық үй-жайдың) нөмірі

Электрондық почта _____________________________________________________
Телефондары __________________________________________________________

Факс ___________________________________________________________________

Банктің есепшоты ______________________________________________________

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті жүзеге асыру орнының мекенжайлары _________________________

(почталық индексі, облыс, қала, аудан, елді мекен,

__________________________________________________________________

көше атауы,үйдің/ғимараттың (стационарлық үй-жайдың) нөмірі

______________________________________________парақта қоса беріледі.

Осы арқылы:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатыны және оларға рұқсат беру немесе рұқсат беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатыны;

өтініш берушіге қызметтік қаруды сақтаумен байланысты қызмет түрімен айналысуға соттың тыйым салмағаны;

барлық қоса берілген құжаттар шындыққа сай келетіні және жарамды болып табылатыны расталады.

Басшы ________________ ______________________________

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)

Мөртаңба орны Толтырылған күні 20 жылғы « » ____________

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 наурыздағы № 190 қаулысымен бекітілген

**«Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын әзірлеу, өндіру, жөндеу, сату, коллекцияға жинау, экспонаттау және сатып алу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

## 1. Жалпы ережелер

1. «Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын әзірлеу, өндіру, жөндеу, сату, коллекцияға жинау, экспонаттау және сатып алу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі ( бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Ішкі

істер министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Министрліктің, облыстардың, Астана, Алматы қалаларының, көліктегі ішкі істер департаменттері, қалалық және аудандық ішкі істер органдарының лицензиялық және рұқсат беру жүйесінің бөлімшелері ( бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші), оның ішінде «Электрондық үкіметтің» www.egov.kz веб-порталы немесе «Е-лицензиялау» веб-порталы www.elicense.kz (бұдан әрі – портал) арқылы көрсетеді.

## 2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:

1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасы тапсырылған, сондай-ақ порталға өтініш берілген сәттен бастап:

лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде – 15 (он бес) жұмыс күні;

лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде – 15 (он бес) жұмыс күні;

лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның телнұсқасын беру кезінде – 2 (екі) жұмыс күні;

2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін рұқсат етілетін ең ұзақ уақыт – 20 ( жиырма) минут;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты – 20 (жиырма) минут.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны – электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі – азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын әзірлеу, өндіру, жөндеу, сату, коллекцияға жинау, экспонаттау және сатып алу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия және ( немесе) лицензияға қосымша, қайта ресімдеу, лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның телнұсқасы.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық/қағаз түрінде.

Көрсетілетін қызметті алушы қағаз жеткізгіштегі лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алу үшін жүгінген жағдайда лицензия және (немесе) лицензияға қосымша басып шығарылады және көрсетілетін қызметті беруші басшысының мөрімен және қолымен куәландырылады.

7. Мемлекеттік қызмет ақылы негізде көрсетіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсетілгені үшін «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан

Республикасы Кодексінің 540-бабына сәйкес мемлекеттік баж алынады.

Мемлекеттік баж Қазақстан Республикасының банк мекемелері арқылы төленеді, олар төлемнің көлемі мен күнін растайтын құжат (түбіртек) береді.

Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушының тұрғылықты жері бойынша бюджетке жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым төленеді:

1) осы қызмет түрімен айналысу құқығына лицензия беру кезіндегі лицензиялық алым 10 (он) айлық есептік көрсетікішті (бұдан әрі – АЕК) құрайды ;

2) лицензияны қайта ресімдеу үшін лицензиялық алым лицензия беру кезіндегі мөлшерлеменің 10 (он) пайызын құрайды, бірақ 4 (төрт) АЕК-тен аспайды;

3) лицензияның телнұсқасын беру үшін лицензиялық алым лицензия беру кезіндегі мөлшерлеменің 100 (жүз) пайызын құрайды.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы алуға электрондық сұрау салу берілген жағдайда төлем «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) немесе екінші деңгейдегі банктер арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес, демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығында сағат 13-00-ден 14-30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9-00-ден бастап 18-30-ға дейін. Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезек күту тәртібімен көрсетіледі;

2) портал – тәулік бойы (жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда).

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не сенімхат бойынша оның өкілі) жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті берушіге:

лицензия алу үшін:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1 және 2-қосымшаға сәйкес белгіленген нысандағы өтініш;

жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер нысаны және құжаттар;

лицензияға қосымшаны алу үшін:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1 және 2-қосымшаға сәйкес заңды және жеке тұлға үшін белгіленген нысандағы өтініш;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес

біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер нысаны және құжаттар;
лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін:
еркін нысандағы өтініш;
лицензияны қайта ресімдеу үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;
лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның телнұсқасын алу үшін:
еркін нысандағы өтініш;
лицензияның телнұсқасын беру үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі.
Көрсетілетін қызметті беруші жеке басын куәландыратын құжаттардың, лицензия туралы, заңды тұлғаны, дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтерді тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден уәкілетті адамдардың электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжаттар нысанында портал арқылы алады;
2) порталда:
лицензия алу үшін:
көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанында сұрау салу;
ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, құжаттың электрондық көшірмесі түрінде жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжат;
осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер нысаны және құжаттар;
лицензияға қосымшаны алу үшін:
көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанында сұрау салу;
осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер нысаны және құжаттар;
лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін:
көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында сұрау салу;
ЭҮТШ арқылы төлеген жағдайларды қоспағанда, құжаттың электрондық көшірмесі түрінде жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжат;
лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның телнұсқасын алу үшін:
көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанында сұрау салу;
ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, құжаттың электрондық көшірмесі түрінде жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін

бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжат.

Лицензия жоғалған және (немесе) бүлінген кезде порталдағы тиісті ақпараттық жүйелерден ол туралы мәліметтер алу мүмкіндігі болмаған жағдайда ғана көрсетілетін қызметті алушы лицензия телнұсқасын алу үшін көрсетілетін қызметті берушіге жүгінеді.

Порталда электрондық сұрау салуды қабылдау көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» жүзеге асырылады. Құжаттар көрсетілетін қызметі алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде ұсынылады.

Көрсетілетін қызметті беруші жеке басын куәландыратын құжаттардың, лицензия туралы, заңды тұлғаны, дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтерді тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден уәкілетті адамдардың ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанында портал арқылы алады.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға көрсетілетін қызметті алушының жазбаша келісімін алады.

Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерден алуға болатын құжаттарды талап етуге жол берілмейді.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде:

көрсетілетін қызметті берушіге (қолма-қол не почта байланысы арқылы) – қағаз жеткізгіштегі өтініштің қабылданғанын растау оның көшірмесіндегі құжаттар топтамасы қабылданған күн мен уақытты көрсете отырып, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркелгені туралы белгі болып табылады;

портал арқылы – көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

10. Мыналар:

1) өтініш берушінің қажетті мәліметтерді ұсынбауы не оның дұрыс емес мәліметтерді ұсынуы;

2) Қазақстан Республикасының заңдарында субъектілердің осы санаты үшін қызмет түрімен айналысуға тыйым салынуы;

3) қызмет түріне лицензия беруге өтініш берілген жағдайда жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның енгізілмеуі;

4) көрсетілетін қызметті алушының біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі;

5) көрсетілетін қызметті алушыға лицензия берудің келісуші мемлекеттік органмен келісілмеуі;

6) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оған жекелеген қызмет түрімен айналысуға тыйым салатын заңды күшіне енген сот үкімінің болуы;
7) сот орындаушысының ұсынымы негізінде соттың көрсетілетін қызметті алушыға лицензия алуға тыйым салуы;
8) өндірістің қауіпсіздік жағдайын қамтамасыз ете алмауы, қарудың есебі мен сақталуын не осы жағдайдарды қамтамасыз етпеуі мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуға негіздер болып табылады.

## 3. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша Министрліктің, көрсетілетін мемлекеттік қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.
Шағым почта арқылы жазбаша нысанда не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.
Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде шағымды қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, оны тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады. Тіркелгеннен кейін шағым жауапты орындаушыны айқындау және тиісті шаралар қабылдау үшін көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің басшысына жіберіледі.
Көрсетілетін қызметті берушінің атына түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға почта арқылы жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде қолма-қол беріледі.
Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны бойынша алуға болады.
Шағымды портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті алушыға « жеке кабинетінен» жүгіну туралы ақпарат қолжетімді болады, ол көрсетілетін қызметті беруші жүгінуді өңдеу барысында (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгілер, қарау және қараудан бас тарту туралы жауап) жаңартылып отырады.
Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау

және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.
Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

## 4. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

13. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің www.mvd.gov.kz интернет-ресурсында, «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімінде орналастырылған.

14. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алу мүмкіндігі бар.

15. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы « жеке кабинеті» арқылы, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар.

16. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары: 8 (7172) 71-43-03, 71-41-36. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының телефоны: 1414.

«Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын әзірлеу, өндіру, жөндеу, сату, коллекцияға жинау, экспонаттау және сатып алу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
1-қосымша

## Заңды тұлғаның лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға өтініші

_______________________________________________________________________

(лицензиардың толық атауы)

_______________________________________________________________________

(заңды тұлғаның толық атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

_______________________________________________________________________

_______________________________________________________________________

(қызметтің түрі және (немесе) қызметтің кіші түр(лер)ін көрсету керек)

_______________________________________________________________________

_______________________________________________________________________

жүзеге асыруға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қағаз жеткізгіште беруіңізді сұраймын ___________________________________

(егер лицензияны қағаз жеткізгіште алу қажет болса Х белгісін қою керек)

Заңды тұлғаның мекенжайы ____________________________________________

(почта индексі, облыс, қала, аудан, елді мекен,

_______________________________________________________________________

көше атауы, үйдің/ғимараттың (стационарлық үй-жайдың) нөмірі)

Электрондық почта __________________________________________________

Телефондары _______________________________________________________

Факс ______________________________________________________________

Банктік шоты ______________________________________________________

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті жүзеге асыру мекенжайы(лар)ы _________________________________

(почта индексі, облыс, қала, аудан, елді мекен,

_______________________________________________________________________

көше атауы, үйдің/ғимараттың (стационарлық үй-жайдың) нөмірі)

______________________________ парақта қоса беріліп отыр

Осы арқылы:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатыны және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатыны;

өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға соттың тыйым салмағаны;

қоса беріліп отырған барлық құжаттардың шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатыны расталады.

Басшы ________ ________________________________________

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Мөр орны Толтырған күні 20__жылғы « » __________

(бар болса)

«Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын әзірлеу, өндіру, жөндеу, сату, коллекцияға жинау, экспонаттау және сатып алу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
2-қосымша

**Жеке тұлғаның лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға өтініші**

______________________________________________________________

(лицензиардың толық атауы)

______________________________________________________________

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі)

______________________________________________________________

(қызметтің түрі және (немесе) кіші түрі(лер)ін көрсету керек)

______________________________________________________________

жүзеге асыруға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қағаз жеткізгіште беруіңізді сұраймын ________________________________
(егер лицензияны қағаз жеткізгіште алу қажет болса Х белгісін қою керек)
Жеке тұлғаның тұрғылықты мекенжайы________________________________
(почта индексі, облыс, қала, аудан, елді мекен,

______________________________________________________________

көше атауы, үйдің/ғимараттың (стационарлық үй-жайдың) нөмірі)
Электрондық почта ______________________________________________
Телефондары ___________________________________________________
Факс _________________________________________________________
Банктік шоты ___________________________________________________
(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)
Қызметті жүзеге асыру мекенжай(лар)ы ____________________________
почта индексі, облыс, қала, аудан,

______________________________________________________________

елді мекен, көше атауы, үйдің/ғимараттың (стационарлық үй-жайдың) нөмірі)
______________________________________парақта қоса беріледі.

Осы арқылы:
көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатыны және оларға лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатыны; өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға соттың тыйым салмағаны;
барлық қоса беріліп отырған құжаттар шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатыны расталады.

Басшы ___________ ____________________________________

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Мөр орны Толтырған күні 20____ жылғы « » ______________
(бар болса)

«Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын әзірлеу, өндіру, жөндеу, сату, коллекцияға жинау, экспонаттау және сатып алу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
3-қосымша

## Біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер мен құжаттар нысаны

| Р/с № | Біліктілік талаптары | Құжаттар | Ескертпе |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын әзірлеу, өндір жөндеу, сату, коллекцияға жинау және экспонаттау жөнінде қызмет түрі үшін жалпы талаптар мен құжаттар | | | |
| 1 | Толық сауалнамалық деректер (кадрларды есепке алу жөніндегі жеке парағы) қоса берілген, қаруға рұқсаты бар адамдар туралы мәліметтер | кадрларды есепке алу жөніндегі жеке парағы | құжаттың электрондық көшірмесі |
| 2 | Қаруды иеленуге көру қабілетінің бұзылуына, психикалық ауруға, алкоголизм немесе нашақорлыққа байланысты қарсы көрсетпелердің болмауы туралы медициналық қорытындылар | қаруды иеленуге қарсы көрсетпелердің жоқтығы туралы медициналық қорытынды | құжаттың электрондық көшірмесі |
| Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары әзірлеу жөніндегі қызметтің кіші түрі үшін | | | |
| 1 | Заңды тұлға басшысының және (немесе) оның орынбасарының жоғары техникалық білімі | жоғары техникалық білімнің болуын растайтын диплом | құжаттың электрондық көшірмесі |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 2 | Заңды тұлға басшысының және (немесе) оның орынбасарының тиісті қауіпсіздік қағидалары жөніндегі білімі | көрсетілген қызмет түрін жүзеге асыру құқығы берілетін курстарды аяқтағаны туралы және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органда қауіпсіздік қағидаларын білуіне біліктілік тексеруден өткенін растайтын куәлігі | осы біліктілік талаптарын қосымшаға сәйкес көрсетілген қызмет түрі жүзеге асыру құқығы берілетін курстарды аяқтағаны туралы және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органда қауіпсіздік қағидаларын білуіне біліктілік тексеруден өткен растайтын куәліктің болу туралы ақпаратты қамтиты мәліметтер нысаны |
| 3 | Қару әзірлеу саласындағы нормативтік-техникалық құжаттар жиынтығы, қарудың негізгі (базалық) модельдеріне және (немесе) патрондар типтеріне конструкторлық құжаттамалар түріндегі ғылыми база | каруды әзірлеу саласындағы нормативтік-техникалық құжаттар, қарудың негізгі ( базалық) модельдеріне және ( немесе) патрондар типтеріне конструкторлық құжаттамалар жиынтығы | құжаттың электрондық көшірмесі |
| 4 | Келісілген және бекітілген жұмыс жобасын; бөлшектерді, құрастыру бірліктерін есепке алу және сақтау жөніндегі талаптарды қамтамасыз ете отырып, оқшауланған үй-жайларда орналастырылатын негізгі бөліктерді (ұңғыларды, бекітпелерді, барабандарды, жақтауларды, ұңғы қораптарын және т.б.) дайындау жөніндегі механикалық өндіретін және құрастыру цехын ( у ч а с к е ) ;<br>қару мен патрондардың әзірленген жиынтықтарын сақтауға арналған техникалық нығайту жөніндегі талаптарға жауап беретін және өрт-күзет сигнализациясы құралдарымен жабдықталған мамандандырылған үй-жайларды қамтитын қарудың немесе патрондардың тәжірибеден өткен үлгілерін дайындау және сынау үшін меншік немесе жалға алу құқығындағы өндірістік техникалық база | тиісті жабдықтар мен аппаратураның, құжаттар мен үй-жайлардың бар болуын көрсететін құжаттар. Аталған объектіні пайдалануға қабылдау және мемлекеттік өртке қарсы қызметінің өкілі қол қойған өрт автоматикасы жүйесі мен қондырғысын қабылдау актілері | құжаттың электрондық көшірмесі |
| 5 | Әзірлеу жоспарланған қару мен оның патрондарының тактикалық-техникалық сипаттамалары | техникалық құжаттама | құжаттың электрондық көшірмесі |
| 6 | Қару мен оның патрондарының тәжірибеден өткен модельдерін қауіпсіз әзірлеу жөніндегі нұсқаулықтар, ережелер мен нормативтік-техникалық құжаттар | техникалық құжаттама | құжаттың электрондық көшірмесі |
| 7 | Қару мен оның патрондарын сақтау, сақталуы және есепке алу тәртібі жөніндегі ішкі істер органдарының талаптарына сәйкестігі | лицензиялау-рұқсат беру жүйесі объектісін тексеру актісі | құжаттың электрондық көшірмесі |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 8 | Үшінші тұлғаларға келтірілетін зиянды өтеу жөніндегі жауапкершілікті сақтандыру шарты | шарт | құжаттың электрондық көшірмесі |
| Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары өндіру жөніндегі қызметтің кіші түрі | | | |
| 9 | Заңды тұлға басшысының және (немесе) оның орынбасарының жоғары техникалық білімі | диплом | құжаттың электрондық көшірмесі |
| 10 | Заңды тұлға басшысының және (немесе) оның орынбасарының тиісті қауіпсіздік қағидаларын білуі | көрсетілген қызмет түрін жүзеге асыру құқығы берілетін курстарды аяқтағаны туралы және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органда қауіпсіздік қағидаларын білуіне біліктілік тексеруден өткенін растайтын куәлігі | осы біліктілік талаптарын қосымшаға сәйкес көрсетілген қызмет түрі жүзеге асыру құқығы берілетін курстарды аяқтағаны туралы және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органда қауіпсіздік қағидаларын білуіне біліктілік тексеруден өткен растайтын куәліктің болуы туралы ақпаратты қамтиты мәліметтер нысаны |
| 11 | Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органда қауіпсіздік қағидаларын білуіне біліктілік тексеруден өткен білікті мамандар | көрсетілген қызмет түрін жүзеге асыру құқығы берілетін курстарды аяқтағаны туралы және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органда қауіпсіздік қағидаларын білуіне біліктілік тексеруден өткенін растайтын куәлігі | осы біліктілік талаптарын қосымшаға сәйкес көрсетілген қызмет түрі жүзеге асыру құқығы берілетін курстарды аяқтағаны туралы және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органда қауіпсіздік ережелерін білуіне біліктіл тексеруден өткенін растайтын куәліктің болуы туралы ақпаратты қамтиты мәліметтер нысаны |
| 12 | Қару мен оның патрондарын жасау мәселелері жөніндегі нормативтік-техникалық және ғылыми-техникалық құжаттардың жиынтығы түріндегі ғылыми база | қару мен оның патрондарының түрлерін жасау мәселелері бойынша нормативтік-техникалық және ғылыми-техникалық құжаттар жиынтығы | құжаттың электрондық көшірмесі |
| | Мамандандырылған өндірістік ғимараттарды, көлік құралдарын, жабдықты, стенділерді, сынақ өткізу зертханасын, бақылау-өлшеу аппаратурасын; қаруды және оның патрондарын жасау жөніндегі цехтың белгіленген тәртіппен келісілген және бекітілген жұмыс жобасын; бөлшектерді, құрастыру бірліктерін есепке алу және сақтау жөніндегі талаптарды қамтамасыз ете отырып, оқшауланған үй-жайларда орналастырылатын негізгі бөліктерді (ұңғыларды, бекітпелерді, барабандарды, жақтауларды, ұңғы қорaптарын және т.б.) дайындау жөніндегі механикалық | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 13 | өндіретін цехын (учаскені); бөлшектерді, құрастыру бірліктерін есепке алу және сақтау бойынша жағдайларды қамтамасыз ете отырып, оқшауланған үй-жайларда орналастырылатын, өрт-күзет сигнализациясы құралдарымен жабдықталған, техникалық нығайту жөніндегі талаптарға жауап беретін құрастыру цехын; оқшауланған жеке үй-жайларда орналастырылатын техникалық нығайтылу жөніндегі талаптарға жауап беретін және өрт-күзет сингализациясы құралдарымен жабдықталған дайын қару мен патрондарды сақтау үшін мамандандырылған қоймаларды; өндіріс процесінде бракка шығарылған қарудың негізгі жарамсыз бөлшектері мен оның патрондарын сақтауға арналған ақауды оқшаулау орнын қамтитын меншік немесе жалға алу құқығындағы өндірістік техникалық база. Өндірістік база аумағына мынадай талаптар қойылады: оқшаулануы, қоршаудың, тәуліктік | тиісті жабдықтар мен аппаратуралардың, құжаттар мен үй-жайлардың бар болуын көрсететін құжаттары. Аталған объектіні пайдалануға қабылдау және мемлекеттік өртке қарсы қызметінің өкілі қол қойған өрт автоматикасы жүйесі мен қондырғысын қабылдау актілері | құжаттың электрондық көшірмесі |
| 14 | Қаруды сатып алу және пайдалану құқығы бар субъектімен қару мен оның патрондарын өндіруге ниет білдіру туралы хаттама немесе шарт ( келісімшарт) | хаттама немесе шарт | құжаттың электрондық көшірмесі |
| 15 | Қару мен оның патрондарын өндіруге жоспарланған тактикалық-техникалық сипаттамалар | техникалық құжаттама | құжаттың электрондық көшірмесі |
| 16 | Жұмысты қауіпсіз жүргізу жөніндегі нұсқаулықтар , ережелер мен нормативтік-техникалық құжаттар, сондай-ақ материалдарды, жартылай дайындалған өнімдерді (дайындамалар), жинақтаушы бөлшектерді, дайын және ақау бұйымдарды есепке алу, сақтау: бөлшектерді, құрастыру бірліктерін және дайын бұйымдарды жасау, тасымалдау және сақтау процесінде оларды есепке алу; кірісті және шығысты есепке алу журналын жүргізу (дайындамаларды, бөлшектерді, қосалқы бөлшектерді нөмірлеп есепке алу, сандық есепке алу, сандық немесе өлшеп есепке алу) жөніндегі құжаттар | техникалық және есепке алу құжаттамасы | құжаттың электрондық көшірмесі |
| 17 | Ұлттық қауіпсіздік комитетінің немесе оның аумақтық бөлімшелерінің мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді пайдаланумен жұмысқа рұқсаты, сондай-ақ режимдік іс-шаралардың қамтамасыз етілуі және олардың жеткіліктілігі | жұмыс жүргізу мүмкіндігі туралы ҰҚК хаты | құжаттың электрондық көшірмесі |
| 18 | Қару мен оның патрондарын сақтау, сақталуы және есепке алу жөніндегі ішкі істер органдарының талаптарына сәйкес келуі | лицензиялау-рұқсат беру жүйесі объектісін тексеру актісі | құжаттың электрондық көшірмесі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 19 | Үшінші тұлғаларға келтірілетін зиянды өтеу жөніндегі жауапкершілікті сақтандыру шарты | шарт | құжаттың электрондық көшірмесі |
| Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары жөндеу жөніндегі қызметтің кіші түрі үшін | | | |
| 20 | Қаруды жөндеу жөніндегі білікті мамандар | қаруды жөндеу бойынша арнайы білімінің бар екенін растайтын құжаттар (диплом, сертификат, еңбек кітапшасынан үзінді және т.б.) тиісті | құжаттың электрондық көшірмесі |
| 21 | Техникалық нығайту талаптарына жауап беретін және өрт-күзет сигнализациясы құралдарымен жабдықталған меншік немесе жалға алу құқығындағы мамандандырылған шеберхана | жабдықтардың, аппаратура мен үй-жайлардың бар болуын көрсететін құжаттар. Аталған объектіні пайдалануға қабылдау және мемлекеттік өртке қарсы қызметінің өкілі қол қойған өрт автоматикасы жүйесі мен қондырғысын қабылдау актілері | құжаттың электрондық көшірмесі |
| 22 | Арнайы жабдық пен құрылғылар | тиісті жабдықтар мен аппаратураның болуын көрсететін құжаттар | құжаттың электрондық көшірмесі |
| 23 | Жұмысты қауіпсіз жүргізу жөніндегі нұсқаулықтар , ережелер мен нормативтік техникалық құжаттар | техникалық және есепке алу құжаттамасы | құжаттың электрондық көшірмесі |
| 24 | Қаруды қабылдауды және беруді есепке алу журналы | қаруды қабылдауды және беруді есепке алу журналы | осы біліктілік талаптарын қосымшаға сәйкес журналдың болуы турал ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны |
| 25 | Қару мен оның патрондарын сақтау және есепке алу тәртібі жөніндегі ішкі істер органдарының талаптарына сәйкес келуі | лицензиялау-рұқсат беру жүйесі объектісін тексеру актісі | құжаттың электрондық көшірмесі |
| Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондары сату жөніндегі қызметтің кіші түрі үшін | | | |
| 26 | Техникалық нығайту жөніндегі талаптарға жауап беретін және өрт-күзет сигнализациясымен жабдықталған қару мен оның патрондарын, аңшылық оқ-дәріні сақтауға, сатуға арналған меншік немесе жалға алу құқығындағы арнайы жабдықталған үй-жайлар | тиісті жабдықтар мен аппаратураның, үй-жайлардың болуын көрсететін құжаттардың көшірмесі.<br>Осы объектіні пайдалануға қабылдау актісінің және мемлекеттік өртке қарсы қызметінің өкілі қол қойған өрт автоматикасы жүйесі мен қондырғысын қабылдау актілері | құжаттың электрондық көшірмесі |
| 27 | | | осы біліктілік талаптарын қосымшаға сәйкес журналдың бар болуы |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Келіп түскен, сатылған қару мен оның патрондарын есепке алу жөніндегі құжаттама | келіп түскен, сатылған қаруды және оның патрондарын есепке алу журналдары | туралы ақпаратты қамтиты мәліметтер нысаны |
| 28 | Қару мен оның патрондарын сақтау, сақталуы және есепке алу тәртібі жөніндегі ішкі істер органдарының талаптарына сәйкес келуі | лицензиялау-рұқсат беру жүйесі объектісін тексеру актісі | құжаттың электрондық көшірмесі |
| Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын коллекция жинау жөніндегі қызметтің кіші түрі үшін | | | |
| 29 | Коллекциялық қаруды сақтауға арналған үй-жай | құқық беретін құжаттар немесе жалға алу шарты | құжаттың электрондық көшірмесі |
| 30 | Қару мен оның патрондарының сақталуын, оларды сақтау қауіпсіздігін қамтамасыз ететін және оларға бөтен адамдардың қол жетімділігін болдырмайтын жағдайлар.<br>Мұражай қарулары үшін – күзет сигнализациясымен жабдықталған, жеке, осы мақсаттарға арнайы арналған үй-жайлардағы кілтпен жабылатын сөрелер, сейфтер немесе металл шкафтар | күзет сигнализациясын орнату актісі. Қаруды сақтаумен объектіні (үй-жайды) күзету шарты. Сейфтердің, шыныланған сөрелердің және т.б.болуын көрсете отырып, лицензиялау-рұқсат беру жүйесі объектісін тексеру актісі.<br>Аталған объектіні пайдалануға қабылдау және мемлекеттік өртке қарсы қызметінің өкілі қол қойған өрт автоматикасы жүйесі мен қондырғысын қабылдау актілері | құжаттың электрондық көшірмесі |
| 31 | Қару мен оның патрондарының сақталуын, оларды сақтау қауіпсіздігін қамтамасыз ететін және оларға бөтен адамдардың қол жетімділігін болдырмайтын жағдайлардың бар болуы.<br>Жеке қару үшін – қару мен оның патрондары иелерінің тұрғылықты жері бойынша үй-жайлардағы кілтпен жабылатын сейфтер немесе металл шкафтар | тұрғылықты мекенжайы бойынша қаруды сақтау үшін сейфтің немесе металл шкафтың болуы туралы учаскелік полиция инспекторының баянаты | құжаттың электрондық көшірмесі |
| Ескертпе: Коллекцияға жиналған қару заңнамада белгіленген тәртіппе аумақтық ішкі істер органдарында міндетті тіркелуге жатады | | | |
| Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын экспонатта жөніндегі қызметтің кіші түрі үшін | | | |
| 32 | Кілтпен жабылатын сөрелері, сейфтері немесе металл шкафтары бар күзет сигнализациясымен жабдықталған жеке үй-жайлар | құқық беретін құжаттар немесе жалға алу шарты.<br>Аталған объектіні пайдалануға қабылдау және мемлекеттік өртке қарсы қызметінің өкілі қол қойған өрт автоматикасы жүйесі мен қондырғысын қабылдау актілері (заңды тұлғалар үшін) | құжаттың электрондық көшірмесі |
| 33 | Үй-жайды тәулік бойы күзету (күзет қызметтерін көрсетуге арналған шарт) | күзет сигнализациясын орнату актісі.<br>Қару сақталатын объектіні ( үй-жайды) күзету шарты | құжаттың электрондық көшірмесі |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 34 | Бұйымдарды есепке алу, мерзімді тексеру және сақтау жөніндегі құжаттамалар | бұйымдарды есепке алу, мерзімді тексеру және сақтау бойынша журналдар | осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес журналдың бар болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны |
| 35 | Қару мен оның патрондарын сақтау, сақталуы және есепке алу жөніндегі ішкі істер органдарының талаптарына сәйкес келуі | сейфтердің, шыныланған сөрелердің және т.б. болуын көрсете отырып, лицензиялау-рұқсат беру жүйесі объектісін тексеру а к т і с і .<br>Азаматтар үшін тұрғылықты мекенжайы бойынша қаруды сақтау үшін сейфтің немесе металл шкафтың болуы туралы учаскелік полиция инспекторының баянаты | құжаттың электрондық көшірмесі |

## Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сатып алу жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесі

| Р/с № | Біліктілік талаптары мыналардың болуын қамтиды: | Құжаттар | Ескертпе |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | Толық сауалнамалық деректерді қоса бере отырып, қаруға рұқсаты бар адамдар туралы мәліметтер | кадрларды есепке алу жөніндегі жеке парағы | құжаттың электрондық көшірмесі |
| 2 | Техникалық нығайту талаптарына жауап беретін және өрт-күзет сигнализациясы құралдарымен жабдықталған қару мен оның патрондарын сақтауға және (немесе) сатуға арналған арнайы жабдықталған үй-жай | лицензиялау-рұқсат беру жүйесінің объектісін тексеру актісі | құжаттың электрондық көшірмесі |
| 3 | Қаруды қолдануда қауіпсіздік қағидаларын білуін тексеру туралы анықтама | қаруды қолдануда қауіпсіздік ережелерін білуін тексеру туралы анықтама | құжаттың электрондық көшірмесі |
| 4 | Қару мен оның патрондарын сатып алуға, сақтауға жауапты адамды тағайындау туралы бұйрық көшірмесі | қару мен оның патрондарын сатып алуға, сақтауға жауапты адамды тағайындау туралы бұйрығы | құжаттың электрондық көшірмесі |
| 5 | Жеткізілетін қару мен оқ-дәрілердің нақты түрлерін және модельдері мен санын көрсете отырып, қару мен оның патрондарын жеткізуге дайындаушы кәсіпорынмен шарт (келісімшарт) көшірмесі (қаруды әкелуді жүзеге асыратын заңды тұлғалар үшін) | қару мен оның патрондарының нақты түрлерін және модельдері мен санын көрсете отырып, оларды жеткізуге дайындаушы кәсіпорынмен шарт (келісімшарт ) көшірмесінің (қаруды әкелетін заңды тұлғалар үшін) | құжаттың электрондық көшірмесі |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 6 | Жарақат салатын әсері бар патрондары бар қарудың және электрлік қарудың көрсетілген қарудың зақым келтіру факторларының адамға рұқсат етілген әсер етуінің белгіленген нормаларына сәйкес келуі туралы уәкілетті органның қорытындысы (қаруды сатуды жүзеге асыратын ұйымдар оны сатып алуға ниеттенген кезде) | жарақат салатын патрондарының әсері бар және электрлік қарудың зақым келтіру факторларының адамға рұқсат етілген әсер етуінің белгіленген нормаларына сәйкес келуі туралы уәкілетті орган қорытындысы (қаруды сатуды жүзеге асыратын ұйымдар оны сатып алуға ниеттенген кезде) | құжаттың электрондық көшірмесі |
| 7 | Қосымшаға сәйкес аумақтық ішкі істер департаменттерімен (тегіс ұңғылы қару үшін) және (немесе) Ішкі істер министрлігімен (ойық қару үшін) келісілген қару мен оның патрондарының қолда бары және қажетті саны туралы мәліметтер | келісілген қару мен оның патрондарының қолда бары және қажетті саны туралы мәліметтер бланкі | құжаттың электрондық көшірмесі |

Ескертпе: Қазақстан Республикасының аумағында қару сатуды жүзеге асыратын заңды тұлғалар арасында қаруды беру кезінде азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын олардың түрлерін көрсете отырып, сатып алу-сату шарты (келісімшарты) көшірмелері болуы қажет.

3-қосымшаға

| | |
|---|---|
| Келісілді | Келісілді |
| ______________________ | ______________________ |
| (ІІМ) | (ІІД (К) |
| М.О. | М.О. |
| 20___жылғы «___»________ | 20___жылғы «___»________ |
| ______________________ | ______________________ |
| қолы | қолы |

## Қару мен оның патрондарының қолда бары және қажетті саны туралы мәліметтер

1. ____________________________________________________

(заңды тұлғаның атауы, поштаның индексі, толық мекенжайы)

2. Қызмет түрі ____________________________________________

3. Ішкі, сыртқы бекеттердің және ұтқыр топтардың саны (бөлек) ____________________________________________

4. Ішкі, сыртқы бекеттер және ұтқыр топтар жеке құрамының саны (бөлек)____________________________________________

5. Қолда бар қару мен патрондардың саны:

1) жалғыз оқ атуға қайта жасалған автоматтар ________________________

2) винтовкалар, карабиндер______________ ____________________________

3) пистолеттер ____________________________________

4) тапаншалар____________________________________________

5) электр қаруы ______________________________

6) мылтықтар______________________________

6. Патрондар______________________________

(әр қару түрі бойынша бөлек)

7. Жарамсыз ретінде тапсыруға жататын қару мен олардың патрондарының саны:

1) жалғыз оқ атуға қайта жасалған автоматтар ________________

2) винтовкалар, карабиндер______________________________

3) пистолеттер ______________________________

4) тапаншалар ______________________________

5) электр қаруы______________________________

6) мылтықтар ______________________________

8. Патрондар______________________________

(әр қару түрі бойынша бөлек)

9. Қажетті саны:

1) Атыс қаруы:

жалғыз оқ атуға қайта жасалған автоматтар ________________

винтовкалар, карабиндер ______________________________

тапаншалар ______________________________

револьверлер ______________________________

электрқару______________________________

мылтықтар ______________________________

2) Патрондар:

ортаймайтын қор______________________________

(әр қару түрі бойынша бөлек)

______________________________

(әр қару түрі бойынша бөлек)

қаруды атып көру үшін______________________________

(әр қару түрі бойынша бөлек)

10. Ауысымға (қарауылға) шығу үшін сатып алынатын патрондар саны:

______________________________

11. Қару мен патрондардың қажетті санына мәліметтер негізінде жасалды.______________________________

(тиесілік нормасының атауы, қашан және кім белгіледі)

М.О.

Заңды тұлға басшысының қолы ________________

3-қосымшаға

**Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын әзірлеу, өндіру, жөндеу, сату, коллекцияға жинау және экспонаттау жөніндегі қызмет лицензиясына мәліметтер нысаны**

Жалпы ақпарат

1. Өтініш беруші_______________________________________________

(заңды және жеке тұлға)

2. ЖСН/БСН____________________________________________________

3. ЗТ/ЖТ/ЖК атауы ______________________________________________

_________________________________________________________________

Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын әзірлеу, өндіру, жөндеу, сату, коллекцияға жинау, экспонаттау жөніндегі қызмет түріне арналған жалпы талаптар мен құжаттар

4. Лицензиялау-рұқсат беру жүйесінің объектісін тексеру актісінің нөмірі

_______________________________________________________________

Тексеру аяқталған күн ___________________________________________

Тексеру қорытындысы бойынша қабылданған шешім _________________

5. Лицензиялық алымды төлеу сомасы _______________________________

Төлеген күні ____________________________________________________

Төлеген банк (банктің филиалы)___________________________________

Есептік құжаттама________________________________________________

6. Қаруды қабылдау тапсыруды есепке алу жураналын бастаған күн ____

_________________________________________________________________

(лицензиялық-рұқсат беру жүйесінің мөрі басылған)

Журналдың түгендеу нөмірі ____________________________________

7. Сатылымға келіп түскен және сатылған қару мен оның патрондарын есепке алу журналын бастаған күн ______________________________

(лицензиялық-рұқсат беру жүйесінің мөрі басылған)

Журналдың түгендеу нөмірі __________________________________

8. Кәсіпорындарда, мекемелер мен оқу орындарында қару мен оның патрондарын есепке алу журналын бастаған күн

___________________________________________________________

(лицензиялық-рұқсат беру жүйесінің мөрі басылған)

Журналдың түгендеу нөмірі _______________________________________

Қоса ұсынылатын құжаттар

9. Ұсынылған құжаттар (тиісті жолда БАР/ЖОҚ деп көрсету)

1) кадрларды есепке алу жөніндегі жеке парақ______________________

2) қаруды қолдануда қауіпсіздік қағидаларын білуін тексеру туралы

анықтама ________________________________________________________
3) дипломның көшірмесі _____________________________________________
4) қаруды әзірлеу саласындағы нормативтік-техникалық құжаттар жиынтығы, қарудың негізгі (базалық) модельдеріне және (немесе) патрондардың түрлеріне конструкторлық құжаттамалар _______________

___________________________________________________________________

5) тиісті жабдықтар мен аппаратуралардың, құжаттар мен үй-жайлардың бар-жоғын көрсететін құжаттардың көшірмесі _________________________

___________________________________________________________________

6) қару мен оның патрондарының түрлерін әзірлеуге жоспарланған тактикалық-техникалық сипаттағы техникалық құжаттар ______________

___________________________________________________________________

7) тәжірибеде қолданылатын қарулар мен оның патрондарының түрлерін қауіпсіз әзірлеу бойынша нұсқаулықтар, ережелер мен нормативтік-техникалық құжаттардың техникалық құжаттамасы __________

___________________________________________________________________

8) үшінші тұлғаларға келтірілген зақымды келтіру бойынша жауапкершілікті сақтандыру шартының көшірмесі ______________________

___________________________________________________________________

9) қаруды сатып алу және пайдалану құқығы бар субъектімен қару мен оның патрондарын жасауға ниет білдіру туралы хаттаманың немесе шарттың (келісімшарттың) көшірмесі ________________________________
10) қызметтің азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын әзірлеу кіші түрі үшін қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес техникалық және есептік құжаттама _________________________________

___________________________________________________________________

11) жұмысты жүргізу мүмкіндігі туралы ҰҚК хаты

_________________________________________________________________

12) осы объектіні пайдалануға қабылдау актісінің және мемлекеттік өртке қарсы қызмет өкілі қол қойған өрт автоматикасы жүйесі мен қондырғысын қабылдау актісінің көшірмесі __________________________

___________________________________________________________________

13) қаруды жөндеу бойынша арнайы білімінің болуын растау туралы құжаттың көшірмесі (диплом, сертификат, еңбек кітапшасынан жазба және т.б.) ___________________________________________________________
14) құқық белгілейтін құжаттар немесе шарттардың көшірмелері, жасырын жұмыстарды өткізу туралы фотосуреттері қоса берілген өрт-күзет сигнализациясын құру актісі _______________________________________
15) лицензиялық-рұқсат беру жүйесі объектілерін тексеру актісі

_______________________________________________________________________

16) құқық белгілейтін құжаттардың немесе жалға алу шартының көшірмелері ___________________________________________________________

17) күзет сигнализациясын орнату актісі_____________________________

_______________________________________________________________________

18) қаруды сақтаумен объектіні (үй-жайды) күзету шартының көшірмесі

_______________________________________________________________

19) тұрғылықты мекенжайы бойынша қаруды сақтау үшін сейфтің немесе металл шкафтың болуы туралы учаскелік полиция инспекторының баянаты

_______________________________________________________________

ЗТ және ЖТ қызметкерлеріне мәліметтер *

10. Маманның Т.А.Ә ___________________________________________

11. Қаруды иелену үшін көру қабілетінің бұзылуына, психикалық ауруға, алкоголизм немесе нашақорлыққа байланысты қарсы көрсетілімдердің болмауы туралы медициналық қорытындының № ______________________

Медициналық қорытындының берілген күні _____________________________

12. Көрсетілген қызмет түрін жүзеге асыру құқығы берілетін курстарды аяқтағаны туралы және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органда Қауіпсіздік қағидаларын білуіне білікті тексеруден өткені туралы куәліктің № ___________________________________________________

Куәліктің берілген күні

_______________________________________________________________________

Оқу орнының атауы

_______________________________________________________________________

Біліктілігі (мамандығы)

_______________________________________________________________________

Өтінішті қабылдаған лауазымды адамның жауапкершілігі_____________

Өтініш берген күн___________________________ ___________________

(лауазымды адамның Т.А.Ә.) (қолы)

Ескертпе: * заңды тұлғаның (жеке тұлғаның) қызметкерлеріне мәліметтер қызметкердің әрқайсысына толтырылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 наурыздағы № 190 қаулысымен бекітілген

**«Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, өндіру, сату, пайдалану және сатып алу**

**жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

## 1. Жалпы ережелер

1. «Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, өндіру, сату, пайдалану және сатып алу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Министрліктің, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының, көліктегі ішкі істер департаменттерінің, қалалық, аудандық ішкі істер органдарының лицензия және рұқсат беру жүйесінің бөлімшелері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші), оның ішінде «электрондық үкіметтің» www.egov.kz веб-порталы, «Е-лицензиялау» веб-порталы www.elicense.kz (бұдан әрі – портал) арқылы көрсетеді.

## 2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:

1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған, сондай-ақ порталға жүгінген сәттен бастап:

лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде – 15 (он бес) жұмыс күні;

лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде – 15 (он бес) жұмыс күні;

лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның телнұсқасын беру кезінде – 2 (екі) жұмыс күні;

2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін рұқсат етілетін ең ұзақ уақыт – 20 ( жиырма) минут;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты – 20 (жиырма) минут.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны – электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі – азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, өндіру, сату, пайдалану, сатып алу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия және (немесе) лицензияға қосымша, қайта ресімдеу, лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның

телнұсқасы.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық/қағаз түрінде.

Көрсетілетін қызметті алушы қағаз жеткізгіштегі лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алу үшін жүгінген жағдайда лицензия және (немесе) лицензияға қосымша басып шығарылады және көрсетілетін қызметті беруші басшысының мөрімен және қолымен куәландырылады.

7. Мемлекеттік қызмет ақылы негізде көрсетіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсеткені үшін «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 540-бабына сәйкес мемлекеттік баж алынады.

Мемлекеттік баж Қазақстан Республикасының банк мекемелері арқылы төленеді, олар төлемнің көлемі мен күнін растайтын құжат (түбіртек) береді.

Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушының тұрғылықты жері бойынша бюджетке жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым төленеді:

1) осы қызмет түрімен айналысу құқығына лицензия беру кезіндегі лицензиялық алым 10 (он) айлық есептік көрсеткішті (бұдан әрі – АЕК) құрайды;

2) лицензияны қайта ресімдеу үшін лицензиялық алым лицензия беру кезіндегі мөлшерлеменің 10 (он) пайызын құрайды, бірақ төрт АЕК-тен аспайды;

3) лицензияның телнұсқасын беру үшін лицензиялық алым лицензия беру кезіндегі мөлшерлеменің 100 (жүз) пайызын құрайды.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы алуға электрондық сұрау салу берілген жағдайда төлем «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) немесе екінші деңгейдегі банктер арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 13-00-ден 14-30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9-00-ден бастап 18-30-ға дейін. Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезек тәртібімен көрсетіледі;

2) портал – тәулік бойы (жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда).

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не сенімхат бойынша оның өкілі) жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті берушіге:

лицензия алу үшін:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1 және 2-қосымшаға сәйкес белгіленген нысандағы өтініш;

жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;
осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер нысаны және құжаттар;
лицензияға қосымшаны алу үшін:
осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1 және 2-қосымшаларға сәйкес заңды немесе жеке тұлғалар үшін белгіленген нысандағы өтініш;
осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер нысаны және құжаттар;
лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін:
еркін нысандағы өтініш;
лицензияны қайта ресімдеу үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;
лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның телнұсқасын алу үшін:
еркін нысандағы өтініш;
лицензияның телнұсқасын беру үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі.
Лицензия жоғалған және (немесе) бүлінген кезде порталдағы тиісті ақпараттық жүйелерден ол туралы мәліметтер алу мүмкіндігі болмаған жағдайда ғана көрсетілетін қызметті алушы лицензия телнұсқасын алу үшін көрсетілетін қызметті берушіге жүгінеді.
Көрсетілетін қызметті беруші жеке басын куәландыратын құжаттардың, лицензия туралы, заңды тұлғаны, дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтерді тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден уәкілетті адамдардың электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжаттар нысанында портал арқылы алады;
2) порталда:
лицензия алу үшін:
көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанында сұрау салу;
ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, құжаттың электрондық көшірмесі түрінде жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төлегенін растайтын құжат;
3) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер нысаны және құжаттар;
лицензияға қосымшаны алу үшін:
1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанында сұрау салу;
2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес

біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер нысаны және құжаттар;

лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін:

1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанында сұрау салу;

2) ЭҮТШ арқылы төлеген жағдайларды қоспағанда, құжаттың электрондық көшірмесі түрінде жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төлегенін растайтын құжат;

лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның телнұсқасын алу үшін:

1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанында сұрау салу;

2) ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, құжаттың электрондық көшірмесі түрінде жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжат.

Лицензия жоғалған және (немесе) бүлінген кезде порталдағы тиісті ақпараттық жүйелерден ол туралы мәліметтер алу мүмкіндігі болмаған жағдайда ғана көрсетілетін қызметті алушы лицензия телнұсқасын алу үшін көрсетілетін қызметті берушіге жүгінеді.

Порталда электрондық сұрау салуды қабылдау көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» жүзеге асырылады. Құжаттар көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде ұсынылады.

Көрсетілетін қызметті беруші жеке басын куәландыратын құжаттардың, лицензия туралы, заңды тұлғаны, дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтерді тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден уәкілетті адамдардың ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанында портал арқылы алады.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға көрсетілетін қызметті алушының жазбаша келісімін алады.

Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерден алуға болатын құжаттарды талап етуге жол берілмейді.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде:

1) көрсетілетін қызметті берушіге (қолма-қол не почта байланысы арқылы) – қағаз жеткізгіштегі өтініштің қабылдағанын растау оның көшірмесіндегі құжаттар топтамасы қабылданған күн мен уақытты көрсете отырып, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркелгені туралы белгі болып табылады;

2) портал арқылы – көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күнін көрсете отырып,

мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салудың қабылдағаны туралы мәртебе көрсетіледі.

10. Мыналар:

1) Қазақстан Республикасының заңдарында субъектілердің осы санаты үшін қызмет түрімен айналысуға тыйым салынуы;

2) қызмет түріне лицензия беруге өтініш берілген жағдайда жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның енгізілмеуі;

3) көрсетілетін қызметті алушының біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі;

4) көрсетілетін қызметті алушыға лицензия берудің келісуші мемлекеттік органмен келісілмеуі;

5) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оған жекелеген қызмет түрімен айналысуға тыйым салатын заңды күшіне енген сот үкімінің болуы;

6) сот орындаушысының ұсынымы негізінде соттың көрсетілетін қызметті алушыға лицензия алуға тыйым салуы мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер болып табылады.

## 3. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша Министрліктің, көрсетілетін мемлекеттік қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.

Шағым почта арқылы жазбаша нысанда не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде шағымды қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, оны тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады. Тіркелгеннен кейін шағым жауапты орындаушыны айқындау және тиісті шаралар қабылдау үшін көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің басшысына жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға почта арқылы жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны бойынша алуға болады.

Шағымды портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті алушыға « жеке кабинетінен» жүгіну туралы ақпарат қолжетімді болады, ол көрсетілетін қызметті беруші жүгінуді өңдеу барысында (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгілер, қарау және қараудан бас тарту туралы жауап) жаңартылып отырады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

## 4. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

13. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің www.mvd.gov.kz интернет-ресурсында, «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімінде орналастырылған.

14. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алу мүмкіндігі бар.

15. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы « жеке кабинеті» арқылы, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар.

16. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары: 8 (7172) 71-43-03, 71-41-36. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының телефоны: 1414.

«Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданып жасалған бұйымдарды әзірлеу, өндіру, сату, пайдалану және сатып алу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру» мемлекеттік көрсетілетін

қ ы з м е т с т а н д а р т ы н а
1-қосымша

**Заңды тұлғаның лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға өтініші**

_______________________________________________________________________

(лицензиардың толық атауы)

_______________________________________________________________________

(заңды тұлғаның толық атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

_______________________________________________________________________

_______________________________________________________________________

(қызметтің түрі және (немесе) қызметтің кіші түр(лер)ін көрсету керек)

_______________________________________________________________________

жүзеге асыруға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қағаз жеткізгіште беруіңізді сұраймын ____________________________________

(лицензияны қағаз жеткізгіште алу қажет

_______________________________________________________________________

болған жағдайда Х белгісін қою керек)

Заңды тұлғаның мекенжайы ____________________________________________

(почталық индексі, облыс, қала, аудан,

_______________________________________________________________________

елді мекен, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жай) нөмірі)

Электрондық почта __________________________________________________

Телефондары _______________________________________________________

Факс ____________________________________________________________

Банктік шоты ______________________________________________________

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті жүзеге асыру мекенжай(лар)ы ______________________________

(почталық индексі, облыс, қала, аудан, елді

_______________________________________________________________________

мекен, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жай) нөмірі)
________________________________________парақта қоса беріліп отыр.

О с ы а р қ ы л ы :
көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатыны және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатыны;
өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға соттың тыйым салмағаны;

қоса беріліп отырған барлық құжаттар шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатыны расталады.

Басшы __________ ____________________________________

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Мөр орны Толтырылған күні: 20___жылғы « » __________

(бар болса)

«Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданып жасалған бұйымдарды әзірлеу, өндіру, сату, пайдалану және сатып алу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымша

**Жеке тұлғаның лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға өтініші**

_______________________________________________________________

(лицензиардың толық атауы)

_______________________________________________________________

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі)

_______________________________________________________________

(қызметтің түрі және (немесе) кіші түр(лер)ін көрсету керек)

жүзеге асыруға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қағаз жеткізгіште беруіңізді сұраймын ________________________________

(лицензияны қағаз жеткізгіште алу қажет болған жағдайда X белгісін қою керек)

Жеке тұлғаның тұрғылықты жерінің мекенжайы _________________________

(почталық индексі, облыс, қала,

_______________________________________________________________

аудан, елді мекен, көше атауы, үй/ғимарат нөмірі)

Электрондық почтасы ____________________________________________

Телефондары ___________________________________________________

Факс _________________________________________________________

Банктік шоты ___________________________________________________

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті жүзеге асыру мекенжай(лар)ы ________________________________
(почталық индексі, облыс, қала, аудан,

___________________________________________________________________________

елді мекен, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жай) нөмірі)
___________________________________________парақта қоса беріліп отыр.
Осы арқылы:
көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатыны және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатыны;
өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға соттың тыйым салмағаны;
барлық қоса беріліп отырған құжаттар шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатыны расталады.
Жеке тұлға __________ ________________________________________
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
Мөр орны Толтырылған күні 20___ жылғы « » _____________
(бар болса)

«Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданып жасалған бұйымдарды әзірлеу, өндіру, сату, пайдалану және сатып алу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
3-қосымша

## Біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер мен құжаттар нысаны

| Р/с № | Біліктілік талаптары мыналардың болуын қамтиды: | Құжаттар | Ескертпе |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдард әзірлеу, өндіру, сату және пайдалану жөніндегі қызмет түріне арналға жалпы талаптар мен құжаттар | | | |
| 1 | Лицензия алуға үміткер жеке тұлғада немесе пиротехникалық бұйымдарға рұқсаты бар заңды тұлғаның қызметкерінде мәлімделген қызметті жүзеге асыруға байланысты қарсы айғақтардың (психикалық аурулар, алкоголизм немесе нашақорлық) жоқтығы туралы медициналық анықтамалар | мәлімделген қызметті жүзеге асыруға байланысты қарсы айғақтардың (психикалық ауру, алкоголизм немесе нашақорлық ) жоқтығы туралы медициналық анықтамалар | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігін ақпараттық жүйесінен алу |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданыль жасалған бұйымдарды әзірлеу жөніндегі қызметтің кіші түрі үшін | | | |
| 2 | Лицензия алуға үміткер жеке тұлғаның, пиротехникалық бұйымдарға рұқсаты бар заңды тұлғаның басшысы мен оның орынбасарының көрсетілген қызмет түрін жүзеге асыру құқығын беретін курстарды бітіргендігі туралы куәліктері, сондай-ақ тиісті қауіпсіздік ережелерін білуі | көрсетілген қызмет түрін жүзеге асыру құқығын беретін курстарды бітіргендігі туралы және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органда қауіпсіздік ережелерін білуге біліктілік тексеруден өткенін растайтын куәлігі | осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес дипломны болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны осы біліктілік талаптардың қосымшасына сәйкес көрсетілге қызмет түрін жүзеге асыру құқығын беретін курстарды аяқтағаны туралы және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органд қауіпсіздік ережелерін білуге біліктілік тексеруден өткенін растайтын куәліктің болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны |
| 3 | Көрсетілген қызмет түрін жүзеге асыру құқығын беретін курстарды бітіргендігі туралы куәліктері бар және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органда қауіпсіздік ережелерін білуге біліктілік тексеруден өткен білікті мамандар | көрсетілген қызмет түрін жүзеге асыру құқығын беретін курстарды бітіргендігі туралы және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органда қауіпсіздік ережелерін білуге біліктілік тексеруден өткенін растайтын куәлігі | осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес көрсетілге қызмет түрін жүзеге асыру құқығын беретін курстарды аяқтағаны туралы және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органд қауіпсіздік ережелерін білуге біліктілік тексеруден өткенін растайтын куәліктің болуь туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны |
| 4 | Өрт қауіпсіздігі ережелерінің талаптарына сәйкес келетін және есепке алынатын өнімнің сақталуын, оны қатаң есепке алуды және бар-жоғын тексеру мүмкіндігін қамтамасыз ететін дайын пиротехникалық өнімді сақтауға арналған меншік немесе жалға алу құқығындағы қоймалар | құжаттамалар мен үй-жайлардың болуын көрсететін құжаттар. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет өкілі қол қойған осы объектіні пайдалануға қабылдау актісі | құжаттың электрондық көшірме |
| 5 | Өндіру, сақтау, тасымалдау, өткізу, қолдану және кәдеге жарату кезінде бұйымының қауіпсіздігі мен тұтынушылық қасиеттерін қамтамасыз ету үшін қажетті ақпарат беруді толыққанды қамтамасыз ететін конструкторлық-технологиялық және пайдалану құжаттамасының жиынтығы ( сызба, техникалық шарттар, технологиялық процес, пайдалану, (қолдану және басқалар) жөніндегі нұсқаулық (ұсынымдар) | пиротехникалық заттар мен бұйымдарды әзірлеу саласындағы нормативтік-техникалық құжаттар жиынтығы | құжаттың электрондық көшірме |
| 6 | Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды | | құжаттың электрондық көшірме |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | жүргізуге арналған аккредиттелген зертханалық база | техникалық құжаттама, аккредиттеу аттестатының көшірмесі | |
| 7 | Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сақтау, сақталуы және есепке алу жөніндегі ішкі істер органдарының талаптарына сәйкес келуі | лицензиялау-рұқсат беру жүйесінің объектісін тексеру актісі | құжаттың электрондық көшірме |
| Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданыль жасалған бұйымдарды өндіру жөніндегі қызметтің кіші түрі үшін | | | |
| 8 | Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органда қауіпсіздік ережелерін білуіне біліктілік тексеруден өткен лицензия алуға үміткер жеке тұлғаның, пиротехникалық бұйымдарға рұқсаты бар заңды тұлғаның басшысы мен оның орынбасарында көрсетілген қызмет түрін жүзеге асыру құқығы берілетін курстарды бітіргендігі туралы куәлігі | көрсетілген қызмет түрін жүзеге асыру құқығын беретін курстарды бітіргендігі туралы және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органда қауіпсіздік ережелерін білуге біліктілік тексеруден өткенін растайтын куәлігі | Осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес көрсетілге қызмет түрін жүзеге асыру құқығын беретін курстарды аяқтағаны туралы және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органд қауіпсіздік ережелерін білуге біліктілік тексеруден өткенін растайтын куәліктің болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны |
| 9 | Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органда Қауіпсіздік ережелерін білуге біліктілік тексеруден өткен білікті мамандар | көрсетілген қызмет түрін жүзеге асыру құқығын беретін курстарды бітіргендігі туралы және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органда қауіпсіздік ережелерін білуге біліктілік тексеруден өткенін растайтын куәлік | Осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес көрсетілге қызмет түрін жүзеге асыру құқығын беретін курстарды аяқтағаны туралы және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органд қауіпсіздік ережелерін білуге біліктілік тексеруден өткенін растайтын куәліктің болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны |
| 10 | Өндіру, сақтау, тасымалдау, сату, қолдану және кәдеге жарату кезінде өнімнің қауіпсіздігі мен тұтынушылық қасиеттерін қамтамасыз ету үшін қажетті ақпарат беруді толыққанды қамтамасыз ететін конструкторлық-технологиялық және пайдалану құжаттамасының жиынтығы ( сызбалар, техникалық шарттар, технологиялық процес, пайдалану, (қолдану және басқалар) жөніндегі нұсқаулықтар ( ұсынымдар) | пиротехникалық заттар мен бұйымдарды өндіру, сақтау, сату, пайдалану және кәдеге жарату мәселелері жөніндегі нормативтік-техникалық және ғылыми-техникалық құжаттар жиынтығы | құжаттың электрондық көшірме |
| | Пиротехникалық бұйымдарды өндіруге, сақтауға және кәдеге жаратуға арналған және мыналарды: белгіленген тәртіппен технологиялық операцияларды орындауға жіберілген | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 11 | технологиялық және қосалқы жабдықтарды; өрт қауіпсіздігі ережелерінің талаптарына сәйкес келетін және есепке алынған өнімнің сақталуын, қатаң есепке алуды және болуын тексеру мүмкіндігін қамтамасыз ететін дайын пиротехникалық бұйымдарды сақтауға арналған қойманы; ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізуге арналған аккредиттелген зертханалық базаны немесе пиротехникалық заттар мен бұйымдарды сынақтан өткізу жөніндегі қызметтер көрсету жөніндегі аккредиттелген зертханалық базамен жасалған шартты; пиротехникалық бұйымдарды бақылау сынағынан өткізуге арналған арнайы жабдықталған аумақты; пиротехникалық бұйымдарды тасымалдауға арналған арнайы жабдықталған автокөлікті; өртке қарсы қорғаныс құралдарын (өрт сигнализациясы мен өрт сөндіру), өртті сөндіру үшін қажетті өртке қарсы сумен жабдықтауды және арнайы құралдардың есептік қорын, өрт шыққан жағдайда персоналдың іс-қимылы жоспарын қамтитын және белгіленген талаптарға жауап беретін меншік немесе жалға алу құқығындағы өндірістік-техникалық база | тиісті жабдықтар мен аппаратуралардың, құжаттамалар мен үй-жайлардың болуын көрсететін құжаттар. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет өкілі қол қойған объектіні пайдалануға қабылдау актісі | құжаттың электрондық көшірме |
| 12 | Жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жөніндегі нұсқаулықтар, ережелер мен нормативтік-техникалық құжаттар | жұмысты қауіпсіз жүргізу жөніндегі нұсқаулықтар, ережелер мен нормативтік-техникалық құжаттар | құжаттың электрондық көшірме |
| 13 | Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сақтау, сақталуы және есепке алу бойынша ішкі істер органдарының талаптарына сәйкес келуі | лицензиялау-рұқсат беру жүйесінің объектісін тексеру актісі | құжаттың электрондық көшірме |
| Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалға бұйымдарды пайдалану жөніндегі қызметтің кіші түрі үшін | | | |
| 14 | Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органда қауіпсіздік ережелерін білуге біліктілік тексеруден өткен лицензия алуға үміткер жеке тұлғаның немесе пиротехникалық бұйымдарға рұқсаты бар заңды тұлғаның басшысы мен оның қызметкерінің көрсетілген қызмет түрін жүзеге асыру құқығын беретін курстарды бітіргендігі туралы куәлігі | көрсетілген қызмет түрін жүзеге асыру құқығын беретін курстарды бітіргендігі туралы және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органда Қауіпсіздік ережелерін білуге біліктілік тексеруден өткенін растайтын куәлігі | Осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес көрсетілге қызмет түрін жүзеге асыру құқығын беретін курстарды аяқтағаны туралы және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органд қауіпсіздік ережелерін білуге біліктілік тексеруден өткенін растайтын куәліктің болуы |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны |
| 15 | Өрт қауіпсіздігі ережелерінің талаптарына сәйкес келетін және есепке алынған өнімнің сақталуын, оны қатаң есепке алуды және болуын тексеру мүмкіндігін қамтамасыз ететін дайын пиротехникалық бұйымдарды сатуға арналған меншік немесе жалға алу құқығындағы арнайы жабдықталған үй-жайлар мен оларды сақтауға арналған қоймалар | жылжымайтын мүлікті және олармен жасалған шарттарды мемлекеттік тіркеу құқығы туралы куәлік, үй-жайларды жалға алған жағдайда қосымша «Жалға алу шарты» ұсынылады. Мемлекеттік қабылдау комиссиясының актісі немесе қабылдау комиссиясының объектіні пайдалануға қабылдау актісі | құжаттың электрондық көшірме |
| 16 | Пиротехникалық бұйымдарды тасымалдауға арналған меншік немесе жалға алу құқығындағы арнайы жабдықталған автокөлік | ерекше белгілерінде 1-классты қауіпті жүктерді тасымалдау бойынша көлік құралдарының талаптарға сәйкестігі көрсетілген, көлік құралдарын тіркеу туралы куәлік, көлік құралдарын жалға алған жағдайда «жалға алу шарты» қосымша ұсынылады | құжаттың электрондық көшірме |
| 17 | Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды пайдалануға мүмкіндік беретін техникалық мақсаттағы арнайы құрал-жабдықтардың болуы | азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды пайдалануға мүмкіндік беретін техникалық мақсаттағы арнайы құрал-жабдықтың болуын көрсететін, оның техникалық сипаттамаларын және пайдалану қауіпсіздігін айқындайтын құжаттар | құжаттың электрондық көшірме |
| 18 | Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сақтау, сақталуы және есепке алу жөніндегі ішкі істер органдарының талаптарына сәйкес келуі | лицензиялау-рұқсат беру жүйесінің объектісін тексеру актісі | құжаттың электрондық көшірме |
| Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалға бұйымдарды сату жөніндегі қызметтің кіші түрі үшін | | | |
| | Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органда қауіпсіздік ережелерін білуге біліктілік тексеруден өткен лицензия | көрсетілген қызмет түрін жүзеге асыру құқығын беретін курстарды бітіргендігі туралы | Осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес көрсетілге қызмет түрін жүзеге асыру құқығын беретін курстарды аяқтағаны туралы және |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 19 | алуға үміткер жеке тұлғаның, заңды тұлғаның пиротехникалық бұйымдарға рұқсаты бар басшысы мен оның қызметкерінің көрсетілген қызмет түрін жүзеге асыру құқығын беретін курстарды бітіргендігі туралы куәлігі | және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органда қауіпсіздік ережелерін білуге біліктілік тексеруден өткенін растайтын куәлігі | өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органд қауіпсіздік ережелерін білуге білікті тексеруден өткенін растайтын куәліктің болуы туралы ақпараты бар мәліметте нысаны |
| 20 | Өрт қауіпсіздігі ережелерінің талаптарына сәйкес келетін және есепке алынған өнімнің сақталуын, оны қатаң есепке алуды және болуын тексеру мүмкіндігін қамтамасыз ететін дайын пиротехникалық өнімді сатуға арналған меншік немесе жалға алу құқығындағы арнайы жабдықталған үй-жайлар мен оларды сақтауға арналған қоймалар | құжаттардың және үй-жайлардың болуын көрсететін құжаттар. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет өкілі қол қойған объектіні пайдалануға қабылдау актісі | құжаттың электрондық көшірме |
| 21 | Пиротехникалық бұйымдарды тасымалдауға арналған меншік немесе жалға алу құқығындағы арнайы жабдықталған автокөлік | пиротехникалық бұйымдарды тасымалдауға арналған арнайы жабдықталған автокөліктің болуын көрсететін құжаттар | құжаттың электрондық көшірме |
| 22 | Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сақтау, сақталуы және есепке алу тәртібі бойынша ішкі істер органдарының талаптарына сәйкес келуі | лицензиялау-рұқсат беру жүйесінің объектісін тексеру актісі | құжаттың электрондық көшірме |

# Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сатып алу жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесі

| Р/с № | Біліктілік талаптары мыналардың болуын қамтиды: | Құжаттар | Ескертпе |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | Өрт қауіпсіздігі ережелерінің талаптарына сәйкес келетін және есепке алынатын өнімнің сақталуын, қатаң есепке алынуын және болуын тексеру мүмкіндігін қамтамасыз ететін дайын пиротехникалық өнімдерді өткізуге арналған арнайы жабдықталған меншік немесе жалдау құқығындағы үй-жайлар және сақтауға арналған қоймалар | лицензиялау-рұқсат беру жүйесінің объектісін тексеру актісі | құжаттың электрондық көшірме |
| 2 | Пиротехникалық бұйымдарды сатып алуға және олардың сақталуына жауапты адамды бекіту | пиротехникалық бұйымдарды сатып алуға және оның сақталуына жауапты адамды тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі | құжаттың электрондық көшірме |
| | | өзіндік ерекшеліктерін қоса бере отырып, азаматтық | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 3 | Өзіндік ерекшеліктерін қоса бере отырып , азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды жеткізуге өндіруші кәсіпорынмен шарт ( келісімшарт) | пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды жеткізуге өндіруші кәсіпорынмен шарт ( келісімшарт) | құжаттың электрондық көшірмес |

Ескертпе: Пиротехникалық бұйымдарды өндіруге, әзірлеуге, сатуға лицензиясы бар заңды тұлға немесе дара кәсіпкер пиротехникалық бұйымдарды сатып алуға арналған лицензия бойынша сатып алады, ал қауіптілігі 1-ден 3-ке дейінгі класты пиротехникалық бұйымдарды сатуға лицензияны талап етпей халыққа еркін сатады.

3-қосымшаға

## Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, өндіру, сату және пайдалану жөніндегі қызметке арналған лицензияға мәліметтер нысаны

Жалпы ақпарат

1. Өтініш беруші ________________________________________________

(заңды немесе жеке тұлға)

2. ЖСН/БСН_____________________________________________________

3. ЗТ/ЖТ/ДК атауы ______________________________________________

Азаматтық пиротехникалық заттарды және олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, өндіру, сату, пайдалану жөніндегі қызмет түрі үшін жалпы талаптар мен құжаттар

4. Лицензиялық-рұқсат беру жүйесінің объектісін тексеру актісінің нөмірі ____

Тексерістің аяқталған күні ______________________________________

Тексеріс қорытындысы бойынша қабылданған шешім ____________________

5. Лицензиялық алымды төлеу сомасы ____________________________________

Төленген күні ___________________________________________________

Төлеу банкі (банктің филиалы) __________________________________

Есепке алу журналы (кіріс, шығыс)

6. Журналды бастаған күні _______________________________________

(лицензиялық-рұқсат беру жүйесінің мөрі басылған)

Журналдың түгендеу нөмірі ______________________________________

Қоса ұсынылатын құжаттар

7. Ұсынылған құжаттар __________________________________________

(тиісті жолда БАР/ЖОҚ деп көрсету)

1) төленгені туралы түбіртек ____________________________________

2) дайын пиротехникалық өнімді сақтауға арналған меншік немесе жалға алу құқығындағы қоймалар құжаттарының көшірмесі ____________________

3) мемлекеттік өртке қарсы қызмет өкілі қол қойған объектіні пайдалануға қабылдау актісінің және өрт жүйесі мен қондырғысын қабылдау актісінің көшірмесі ________________________________________
4) әзірлеу (жасау) саласындағы нормативтік-техникалық құжаттар жиынтығының көшірмесі ____________________________________________
5) тиісті жабдықтар мен аппаратуралардың, құжаттар мен үй-жайлардың барын көрсететін құжаттардың көшірмесі ______________________________
6) техникалық құжаттама ________________________________________________
7) пиротехникалық бұйымдарды тасымалдауға арналған меншік немесе жалға алу құқығындағы арнайы жабдықталған автокөліктің барына құқық белгілейтін құжаттардың көшірмесі __________________________________
8) лицензиялау рұқсат беру жүйесінің объектісін тексеру актісі ______
9) аккредитация аттестатының көшірмесі ________________________________
ЗТ және ЖТ қызметкерлерінің мәліметтері *
8. Маманның Т.А.Ә. __________________________________________________
9. Наркологиялық диспансерден медициналық анықтама № ________________
_______________________________________________________________________
(анықтама берілген күн)
10. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органда көрсетілген қызмет түрін жүзеге асыру құқығы берілетін курстарды бітіргендігін және Қауіпсіздік ережелерін білуге білікті тексеруден өткені туралы куәлігінің № _________________________________________
Куәлік берілген күн ______________________________________________
Оқу орнының атауы ________________________________________________
Біліктілігі (мамандығы) ____________________________________________
Өтінімді алған лауазымды адамның жауапкершілігі
Өтінім берген күні _________________________________________________

__________________________ __________________________
(лауазымды адамның Т.А.Ә.) (қолы)

Ескертпе: *ЗТ (ЖТ) қызметкерлеріне мәліметтер қызметкердің әрқайсысына толтырылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 наурыздағы № 190 қаулысына қосымша

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі**

1. «Жеке және заңды тұлғалардың азаматтық, қызметтік қаруының әрбір бірлігін тіркеу және қайта тіркеу» мемлекеттік қызмет стандартын бекіту туралы » Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 қазандағы № 1668 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2009 ж., № 45, 428-құжат).

2. «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мемлекеттік мекемесін қайта атау туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 19 маусымдағы № 620 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2010 ж. , № 39, 344-құжат) бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 2-тармағы.

3. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 қазандағы № 1668 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 21 қазандағы № 1091 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2010 ж., № 57, 547-құжат).

4. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 қазандағы № 1668 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 10 ақпандағы № 114 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2011 ж., № 18, 224-құжат).

5. «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 304 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2011 ж., № 28, 338-құжат) бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 2-тармағы.

6. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында ішкі істер органдарының қызметін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 шілдедегі № 751 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2011 ж., № 45, 599-құжат) бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында ішкі істер органдарының қызметін жетілдіру мәселелері бойынша енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 11-тармағы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК